

Қазақстан Республикасында неміс диаспорасын экономикалық дамыту шараларын әзірлеу жөнінде жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1998 жылғы 26 тамыздағы N 162

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 31 мамырда ГФР вице-канцлері, сыртқы істер федеральдық министрі К.Кинкельмен кездесуінде айтқан бастамашылығын, "Қазақстан Республикасында тұратын немістерді этникалық өркендетудің кешенді бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 31 қазандағы N 1040 P931040_ қаулысын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 42, 500-құжат) және "Қазақстанда тұратын немістерді этникалық өркендету жөніндегі қосымша іс-шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1997 жылғы 23 сәуірдегі N 639 P970639_ қаулысын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 17, 148-құжат)

іске асыру мақсаттарында және Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі 1998 жылғы 22 шілдеде бекіткен N 20-25/5696 хаттамалық шешімді орындау үшін:

1. Қазақстан Республикасында неміс диаспорасын экономикалық дамыту шараларын әзірлеу жөнінде мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Өтембаев Қазақстан Республикасы Стратегиялық
Ержан Әбілқайырұлы жоспарлау және реформалау жөніндегі
агенттігінің Төрағасы, жетекші
(келісім бойынша)

Төтенев - Қазақстан Республикасы Премьер-Министр
Байкәрім Вильямұлы Кеңесінің Қаржы-экономикалық сараптама
бөлімі меңгерушісінің бірінші
орынбасары

Розе Виталий Егорович - Қазақстан Республикасы Президенті
Әкімшілігі Ұйымдық-бақылау бөлімінің
мемлекеттік инспекторы (келісім бойынша)

Солодченко - Қазақстан Республикасы Энергетика,
Роман Владимирович индустрия және сауда министрлігінің

Экономикалық жоспарлау жөніндегі
комитетінің төрағасы

Жүнісов Қанай Хамитұлы - Қазақстан Республикасы Шағын бизнесті
қолдау жөніндегі агенттігі Төрағасының
орынбасары

Нұрсейітов - Қазақстан Республикасы Инвестициялар
Азамат Айтқалиұлы жөніндегі мемлекеттік комитетінің
Инвестицияларды жоспарлау және дамыту
дирекциясының аға сарапшысы

Ақымбекова - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Гулжазира Серікқызы министрлігі Европа және Америка
басқармасының аттасөсі

Рау Альберт Павлович - Лисаков қаласының әкімі, Қостанай
облысы

Дедерер - Қазақстан Немістер қауымдастығының
Александр Федерович төрағасы (келісім бойынша)

Кист - Қазақстан Немістер кеңесі төрағасының
Виктор Эдуардович орынбасары, Қарағанды облыстық
"Возрождение" қоғамының төрағасы
(келісім бойынша)

Ренде Андрей Карлович - Қазақстан Немістер кеңесі төрағасының
орынбасары. Ақмола облыстық
"Возрождение" қоғамының төрағасы
(келісім бойынша)

Ермекова Несіпбала - Қазақстан Республикасы Стратегиялық
жоспарлау және реформалау жөніндегі
агенттігінің басқарма бастығының
орынбасары (келісім бойынша)

Жақсылықов - Қазақстан Республикасы Стратегиялық
Тимур Мекешұлы жоспарлау және реформалар жөніндегі

агенттігінің бас маманы (келісім бойынша)

Шварцкопф Қазақстан Республикасы Парламенті
Альберт Васильевич - Мәжілісінің депутаты(келісім бойынша)

Өртембаев - Қазақстан Республикасы Қаржы
Асқар Қалмұхаметұлы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру департаменті директорының
орынбасары

Ескерту. Құрам өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.10.28. N 206 өкімімен.

R980206_

2. Жұмыс тобына:

ГФР Үкіметі іске асыратын бағдарламалар шеңберіндегі жобаларды қоса алғанда, Германияға тұрақты қоныс аударған қазақстандық бұрынғы азаматтарды Қазақстан аумағында жобаларды жүзеге асыруға тарту тұжырымдамасының жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына екі ай мерзімде дайындау және енгізу:

герман бизнесі өкілдерінің қатысуымен бір ай мерзімде шағын және орта бизнестің мүмкін жобаларының тізбесін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізу;

Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібі мен инфрақұрылымына герман инвестициясын ұлғайту мәселелерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы мен Герман Федеративтік Республикасы арасында саяси және экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын әзірлеу жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне екі ай мерзімде т и і с т і ұ с ы н ы с т а р е н г і з у ;

неміс жағымен алдын ала қаржыландыру мәселесін шеше отырып, Астанада Герман экономикасы үйін ашу жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1998 жылғы 1 қазанға дейін ұсыныстар енгізу тапсырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 30 шілдедегі N 362 R960362_ өкімінің күші жойылған деп танылсын.

Премьер - Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ